

"Жетісу облысының денсаулық сақтау басқармасы" ММ  
ШЖҚ "Талдықорған қалалық емханасы" МКК ақпараттандыру  
ХАТТАМАСЫ №2

Күні: 24.05.2024 жыл

уақыты: 14<sup>30</sup>

Отырысқа директордың орынбасарлары және әкімшілік басқару персоналының адамдары қатысты. Ақпараттандыру кәсіпорынның мәжіліс залында баяндама және әңгіме түрінде жүргізілді.

Күн тәртібі: ШЖҚ "Талдықорған қалалық емханасы" МКК қызметкерлері арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласында түсіндіру жұмыстары.

Негізідеме: жоспарланған.

Отырысты жүргізген: төрайым етуші Л.О. Толеуханова  
комплаенс-офицер Е.Б. Нургазиев

Отырыс баяндамасы және қорытындысы

Сыбайлас жемқорлық ұлттық қауіпсіздікке, әрбір отбасының әл-ауқатына, балаларымыздың жарқын болашағына және тұтастай алғанда елдің дамуына қауіп төндіреді.

Заң бойынша кез-келген адам осы зұлымдыққа қарсы тұруға белсенді қатысуға құқылы.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға жәрдем көрсететін адам мемлекеттің қорғауында болады ("сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы" Заңның 24-бабының 3-тармағы).

Мұндай адам туралы ақпарат мемлекеттік құпия болып табылады.

Егер сіз сыбайлас жемқорлықтың куәгері немесе құрбаны болдым деп ойласаңыз, бұл туралы келесі жолдардың бірімен хабарлауға болады:

1. 1424 тегін нөмірі бойынша ұялы немесе стационарлық телефоннан сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметтің Call-орталығына қоңырау шалу, оның консультанттары одан әрі қадамдар туралы толық түсіндірме береді не сыбайлас жемқорлық фактілерінің жолын кесу үшін дереу ден қоюды қамтамасыз етеді.
2. Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) 010000, Астана қаласы, Сейфуллин көшесі, 37 мекенжайы бойынша не Агенттіктің тұрғылықты (болған) жері бойынша аумақтық департаменттеріне жазбаша өтініш жасауға.
3. Электрондық үкімет порталының онлайн-сервисі арқылы өтініш жіберу [egov.kz](http://egov.kz) (электрондық цифрлық қолтаңба – ЭЦҚ болуы қажет).
4. Агенттік төрағасының блогына "Ашық диалог" сайтында немесе Агенттіктің сайтында жазыңыз.
5. Агенттіктің электрондық поштасына жазыңыз – [kense@antikor.gov.kz](mailto:kense@antikor.gov.kz)

Сіз берген ақпарат үшін сыйақы төленуі мүмкін ("Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы" ҚР Заңының 4-бабының 7-тармағы және 24-бабының 3-тармағы).

Сыйақы мыналар үшін беріледі:

1. сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық фактісі туралы хабарлама;

2. сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасаған іздеуде жүрген адамның орналасқан жері туралы ақпаратты (тізімді Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметтің ресми сайтынан көруге болады);

3. кейіннен сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықты анықтау, жолын кесу, ашу және тергеу үшін маңызы бар өзге де жәрдем үшін.

Қанша соманы алуға болады?

30 АЕК – тен (2024 жылға-шамамен 111 мың теңге) 4000 АЕК-ке дейін (шамамен 15 млн.теңге).

Көтермелеу шарттарымен сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық фактісі туралы хабарлаған немесе сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға өзге де жолмен жәрдемдесетін адамдарды көтермелеу қағидаларында толығырақ танысуға болады (Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 30 желтоқсандағы № 1131 қаулысы)

Сыйақы алу үшін сізге:

1. көмек көрсетілген органға жүгіну;
2. өтініш жазу;
3. жеке куәліктің көшірмесін және банк деректемелерін қоса беріңіз.

Сыбайлас жемқорлықты бірге жоямыз!

Қол жетімді интернет көздерінен алынған ақпарат  
[https://egov.kz/cms/ru/articles/legal\\_relations/corruption](https://egov.kz/cms/ru/articles/legal_relations/corruption)

Төрайым етуші, директор

Хатшы, комплаенс-офицер

Л.О. Толеуханова

Е.Б. Нургазиев